



Газет 1948 ж.
20 сәуірінен
шыға бастады

Қазақ университеті

№ 1 (1256),
қантар,
1997 жыл

Шын жүректен құттықтаймыз! Поздравляем от всей души!



Қазақстан республикасының
мемлекеттік хатшысы

Әл-Фараби атындағы Қазақ
мемлекеттік ұлттық университетінің
кафедра менгерушісі
М. ШЫҒАЕВАҒА

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш
мұшелтойына орай ел алдындағы
енбегіңіз үшін биік мемлекеттік дәрежеде
марапаттаудыңызбен шын жүректен
құттықтаймын.

Зор денсаулық, жаңа табыстар,
қуаныштар тілеймін.

Ә. КЕКІЛБАЕВ



Қазақстан Республикасы
Білім министрлігі

Әл-Фараби атындағы Қазақ
мемлекеттік ұлттық
университетінің кафедра менгерушісі
М. ШЫҒАЕВАҒА

Қадірлі Майя Хажетдінқызы!

Сізді Республикамыздың жоғары,
мәртебелі "Парасат" орденімен
марапаттаудыңызбен шын жүректен
құттықтаймын!

Халық игілігі үшін қызмет ете беруіңізге,
абыройыңыздың арта беруіне тілектеспін.

Мол бақыт және зор денсаулық тілеймін.

Құрметпен министр, академик

М. ЖҰРЫНҰЛЫ

Мерейлі жастағы ғылыми ұстазым

Жарқын жүзінен мейірім мен жылылық,
инабаттылық пен ізгілік, ізеттілік сәулесі күн нұрындай
шашылып тұратын қазақтың зиялы ғалым қызына 1984
жылы сонау Атырау өңірінен ғылым, білім қуып келіп,
микробиология кафедрасына аспирантураға түсу
барысында жолықтым. Ұлағатты да парасатты ұстаз-
ғалымның жетекшілік етуімен кандидаттық диссертацияны
да уақтылы қорғадым.

Қазақтың бір туар зиялы ғалым қызы Шығаева Майя
Хажетдинқызына шәкірт болғанымды бақыт тұтамын.
"Жақсының жақсылығын айт-нұры тасысын, жаманның
жамандығын айт-құты қашсын", - дегендей, ол тек ғалым-
ұстаз ғана емес, сонымен бірге, әрі ақылшы, әрі қарапайым
да, адамгершілігі мол, біліктілік пен іздемпаздықты бойына
дарытқан биік тұлғалы, терең білімді, жоғары мәдениетті
интеллект иесі. Ал мұндай қасиеттер кез-келген адамда бола
бермейді. Ол үнемі білімдегі, өмірдегі жаңа зерттеулерді,
ашылымдарды, әдіс-тәсілдерді күнделікті басылымдарды
қалт жібермей бақылап, ізденіп жүреді және оған
шәкірттерін де баулиды. Бірде өзімен қатар құрбы секілді
сырласып, сыр тартып өз өмірінен мысал келтіріп отырса,
кейде анаң сияқты ақылын айтып еркелетеді.

Әрбір шәкірттеріне, қызметтестеріне талап қойып, үлкен
сенім артады, ал егер сенімін ақтамаса, ұрысып жатпайды,
табылып айтылатын бірер сөзінің өзі таяқтан бетер тиеді.
Сол себепті де оны бәрі құрмет, әрі пір тұтады.

Қажымас күш-қуатымен, әділдігімен,
ұлтжандылығымен, жанының жомарттығымен
ерекштелетенін ұстаз. Тек ғылыми басшы ғана емес,
шәкірттерінің мінездері әрқилы болғандықтан да әрбіреуіне
(басы 1 бетте)

(Соңы келесі бетте)

70

Мен гордимся нашимми людьми

Уже не в первый раз наша газета выступает с
поздравлениями к юбилеям от друзей, близких, коллег
и учеников. Со словами благодарности и уважения за
доброту и участие.

Вот и сейчас сотрудники и старожилы университета
с добрыми словами и улыбками просят поздравить на
наших страницах члена-корреспондента НАН РК, академика
АН ВШК, профессора, доктора биологических наук,
заслуженного деятеля науки республики, заведующую кафедрой
микробиологии биологического факультета КазГУ и, наконец,
самую обаятельную именинницу Майю Хажетдиновну Шигаеву.

21 января 1997 года Майя Хажетдиновна отметит свой 70-
летний юбилей и 47-летие научно-педагогической деятельности.

Майя Хажетдиновна Шигаева родилась 21 января 1927 года
в г. Астрахани. После окончания Алматинского медицинского
института в 1949 году прошла путь от аспиранта до заместителя
директора института микробиологии и вирусологии МН-АН
РК. В 1958 году защитила кандидатскую, а в 1969 г. -
докторскую диссертации. В 1975 году её избирают членом-
корреспондентом НАН РК, в 1996 году - академиком Академии
Высшей школы РК.

В конце декабря 1971 года Майя Хажетдиновна прошла по
конкурсу на должность заведующей кафедрой микробиологии,
но полностью перешла в КазГУ в июне 1972 года

С момента организации кафедры было подготовлено около
500 специалистов по дневной, вечерней и заочной форме
обучения. В процессе обучения они получили фундаментальные
знания по общей микробиологии, а также практические навыки.

За годы работы в институте и на кафедре М.Х.Шигаева с
учениками сформулировала ряд новых идей и концепций и
заложила основы новых, перспективных для широких
исследований направлений в области биотехнологии,
мониторинга окружающей среды и др.

(Окончание на следующей странице)



жеке дара, жан дүниесіне үңіліп, терең түсініп, қиналған сәтте қол ұшын берсе, қуанғанда өзінен бетер қуанатын қайрымды жан.

Қазіргі мынау мың құбылып тұрған кезеңде, студенттердің бойында енжарлық басым, жастық шақтың жалыны аз, ізденуі, білімге құштарлығы мардымсыз, қарын бірде тойса, бірде тоя алмайтын заманда оларға тапқыр да тұтқар, нақты да тұжырымды дәрісін шебер оқуы арқылы жігерлендіріп, саналарына фелсафалық білім, ғылым адамгершілік, имандылық шуағын төгуден жалықпайтын, бергенінен берері көп, биік те, зиялы тұлға екені баршаға мәлім.

Атам қазақ ұл арқылы тұқымды ажыратып, ал қызды есепке алмайды емес пе? “Атадан жақсы қыз туса, қыз да болса үлмен тең”, - демекші Майя Хажетдиновна ұлға бергісіз, ер азаматқа лайық тірлік жасайтын жан.

“Тектінің аты текті, қанша айтсаң да,

Жаманнан жақсы шықпайды қампайтсаңда”, - демекші, өмірге де өнерге де адам баласына да, әруақтарға да құрметі бар, ойшыл да, текті Майя Хажетдиновна жуырда берілген “Парасат” ордені Қазақстан Республикасының мақтанышы болуға лайық екенінің дәлелі. Бұл әрине үлкен сенім, әрі зор қуаныш.

Мерейлі жасыңыз құтты болсын, қадірмен ұстазым! Денсаулық аркасында мерейіңіз үстем болғай, әрбір игілікті істеріңізді ата-бабаларыңыздың әруағы қолдағай!

С.САҒЫНДЫҚОВА,
докторант



На фото: проф. М.Х.Шигаева,
доц. А.М.Бабусенко.

Майя Хажетдиновна ШИГАЕВА - выдающийся Учитель. Это звание дается не указами правительства или распоряжениями администрации, а теми учениками, которых Учитель взрастил. Быть Учителем в науке - это значит быть не только хорошим воспитателем, но и ученым. Майя Хажетдиновна, выпускница Алматинского медицинского института, всю свою научную жизнь посвятила микробиологии. Майя Хажетдиновна, вместе со своими учениками, изучала все аспекты жизни различных групп микроорганизмов и внесла огромный вклад и в теоретическую, и в прикладную микробиологию. Так, изучение селекции практически ценных штаммов дрожжей, молочнокислых бактерий актиномицетов позволило разработать теоретические основы их использования в биотехнологии. Изучение мутационной изменчивости микроорганизмов, внедрение тест-систем для изучения генетических перестроек в их генополе, вылилось в подготовку рекомендаций для мониторинга окружающей среды.

О моём учителе

В последние годы спектр научных интересов Учителя стал еще шире: это выделение и изучение нефтеокисляющих бактерий, микроорганизмов-продуцентов экзополисахаридов, разработка новых технологий с использованием иммобилизованных клеток микроорганизмов и др. Научный урожай М. Х. Шигаевой - более 200 научных статей, 10 монографий, 3 учебных пособия, а также 3 доктора и 30 кандидатов наук, подготовленных ею. И поэтому неудивительно, что не иссякает поток молодых людей, желающих пройти обучение по специализации микробиология или получить научную степень по этой дисциплине.

Но известна истина - не каждый ученый может стать великим Учителем. Носитель этого звания должен быть необыкновенным человеком. Мы, все ученики Майи Хажетдиновны, восхищаемся не только безграничной научной мыслью ученого, но и ее высокими человеческими качествами. Но особенность в том, что глубина ума и человечность, сочетается с настоящей женственностью, озаряющей красотой женщины-матери и хранительницы семейного очага.

Сегодня, в день юбилея, желаю Майе Хажетдиновне, её супругу Кайсару Касымбекову, детям и внукам, крепкого здоровья, счастья, любви и новых талантливых учеников.

А. ЖУБАНОВА,
д.б.н., профессор кафедры
микробиологии, ученый секретарь
Учёного Совета университета

Мы гордимся такими людьми

(Начало на с. 1)

Полученные результаты долгой и кропотливой работы были обобщены в монографиях “Изменчивость пигментных актиномицетов”, “Антибиотики в растениеводстве”, “Селекция дрожжей” и мн. др.

Профессор М.Х.Шигаева - автор 214 научных работ, 10 монографий, 2 брошюр и более 28 авторских свидетельств, награждена знаком “Изобретатель СССР”.

Под ее научным руководством подготовлено 3 доктора и 30 кандидатов наук. За активную пропаганду научных знаний она отмечена высокой наградой - медалью им.С.И.Вавилова. Майя Хажетдиновна - прекрасный педагог и воспитатель. Ее блестящие лекции

слушают студенты и аспиранты КазГУ им.аль-Фараби и других вузов РК. В 1981 году М.Х.Шигаева выступала с лекциями по актуальным проблемам микробиологии в вузах республики и Хобарт-Вильям Смит колледже и Корнельском Университете (штат Нью-Йорк, США).

Человек активный и энергичный, Майя Хажетдиновна постоянно участвует в организации и работе международных, всесоюзных и республиканских конгрессов, съездов и конференций по проблемам общей биологии, генетики и микробиологии, является членом специализированных Советов по защите докторских диссертаций, членом различных проблемных и экспертных Советов.

Указом Президента Республики Казахстан от 15 декабря 1996 года за

заслуги перед государством и в связи с 5-летием независимости Республики Казахстан М.Х.Шигаева награждена высокой правительственной наградой - орденом “Парасат”.

Талантливый человек во всем. Так и Майя Хажетдиновна, наряду с весомым вкладом в науку смогла создать замечательную семью. Ее муж участвовал в Великой Отечественной войне, был военным летчиком. Вместе они воспитали троих детей.

Ну, вот и все, остается только еще раз поздравить Майю Хажетдиновну Шигаеву с днем рождения и пожелать ей здоровья, долгих лет жизни и привести строчки из стихотворения студентов-биологов:

Всё мыпомним,
Ничто не забудю
И за все Вам большое
Спасибо!



Из Указа Президента
Республики Казахстан

В связи с пятилетием
независимости республики
и заслуги перед госу-
дарством наградить:

ОРДЕНОМ "ПАРАСАТ"

ШИГАЕВУ
Майю Хажетдиновну -
заведующую кафедрой
микробиологии
Казахского
государственного
национального
университета
им. аль-Фараби

Президент
Республики Казахстан
Н. НАЗАРБАЕВ
15 декабря 1996 г.,
Алматы

Теория и практика научных исследований

Цикл работ членов-корреспондентов АН М. Х. Шигаевой и Н.Б. Ахматуллиной "Химический мутагенез: теория и практика" (1968-1994 гг.), относится к одному из крупных и бурно развивающихся направлений в современной генетике - химическому мутагенезу. Авторы стояли у истоков этого направления в Казахстане. Они начали свои исследования, когда химические соединения впервые стали использоваться как эффективные средства изменения наследственности для получения новых селекционных форм продуктивных культур микроорганизмов. Результаты этих исследований обобщены в монографии М. Х. Шигаевой "Изменчивость пигментных актиномицетов", что особенно важно с практической точки зрения - в связи с развитием биотехнологии в Казахстане.

В монографии авторов "Химический мутагенез. Проблемы и перспективы", написанной совместно с создателем направления по изучению химического мутагенеза и первооткрывателем многих химических мутагенов, одним из крупных генетиков, членом-корр. АН СССР А. И.

Рапортом, были представлены достаточно полные сведения об особенностях и кинетике мутационного процесса, индуцированные химическими мутагенами. При этом удалось пересмотреть проблему систематизации химических мутагенов, положить ее в основу принадлежности мутагенов к определенным химическим классам и подклассам.

Вполне закономерно, что будущими крупными специалистами в области мутационной генетики, профессором М. Х. Шигаева и Н. Б. Ахматуллиной стали пионерами и в изучении влияния химических факторов окружающей среды на генетический аппарат живых организмов.

Внедрение микробных тест-систем для первичной потенциальной генетической оценки загрязнителей окружающей среды также связано с именами этих авторов. Таким образом, данный цикл является крупным вкладом в разработку теории и практики мутационного процесса и имеет важное значение в развитии науки и хозяйства Казахстана.

Рахметжаки БЕРСИМБАЕВ,
директор института генетики и цитологии
МН-АН РК,
член-корр. АН РК



Благодарны всегда

В 1972 г. я закончила кафедру микробиологии. Наш выпуск был самым первым. И я этим горжусь. Теперь я работаю на кафедре молекулярной генетики и молекулярной микробиологии. Мне везет на хороших людей, которые меня окружают. Но в люди меня вывела кафедра микробиологии, которой заведует М. Х. Шигаева. Я ей очень благодарна и вот мой маленький подарок кафедре.

Кафедра "микрашка"!
Я с ней по жизни до сих пор идю
И не расстанусь с тем богатством знаний.
Возможно, новые приобрету.

Копилку знаний записать не стану
А поделюсь я с теми, с кем судьба свела.
Закончив кафедру, я с нею не рассталась,
Работала, любила, защищалась...

В душе осталась с нею навсегда
И в этот светлый день,
В чудесный день рождения
Желаю всем удачи и добра,

Здоровья, чтобы микробы нас боялись
И за столом чтобы текла река
Веселья, радости, взаимопонимания,
Улыбок, мира и тепла!

Т. БИРЮКОВА,
преподаватель биологического
факультета



На снимке: на заседании Ученого Совета биологического факультета, посвященного 25-летию кафедры микробиологии. Слева направо: доц. К.Б. Олжабекова, проф. З.А. Мансуров, проф. М.Х. Шигаева, доц. А.М. Бабусенко, проф. Н.М. Мухитдинов

Кафедре микробиологии - 25 лет

Двадцать пять лет тому назад по инициативе декана биологического факультета академика И. Байтулина и ректора академика У. А. Джолдасбекова на биологическом факультете была открыта кафедра микробиологии. В ее состав вошли доценты А. М. Бабусенко, Э. М. Карабаев, В. Л. Цю. Обязанность заведующего кафедрой исполнял д.б.н., профессор, член-корр. АН КССР П. А. Бабуленко.

В конце 1971 года по конкурсу на должность заведующего кафедрой прошла М. Х. Шигаева. С момента организации подготовлено около 500 специалистов по дневной, вечерней и заочной формам обучения. В процессе обучения они получили фундаментальные знания по общей микробиологии, а также практическим навыкам.

В настоящее время на кафедре работают 8 преподавателей, 5 аспирантов, 2 стажера-исследователя, 2 докторанта,

обучается большое количество студентов.

За годы кафедра уделила большое внимание изучению экологии, генетики и селекции микроорганизмов и многих другим отраслям микробиологии. В последние годы получили развитие биотехнологические исследования.

Выпускников кафедры можно встретить в лабораториях научных исследовательских институтов, вузах, на промышленных предприятиях, в различных фирмах.

На состоявшемся в конце декабря 1996 г. заседании Ученого Совета факультета от имени ректората профессор, академик МАН ВШ, д.х.н. З. А. Мансуров поздравил кафедру с юбилеем, отметил вклад сотрудников в развитие теории и практики микробиологии, пожелал дальнейших успехов в работе. Мы присоединяемся ко всем этим поздравлениям!

Акмарал КАЛИЕВА



Ұстаз, ғалым - М.Х. Шығаева 70 жаста

1997 жылдың 21 қаңтар күні ҚР жоғарғы мектебі академиясының академигі, ҚР ҒМ ҚҰА мүше корреспонденті, биология ғылымдарының докторы, Республикамызға еңбегі сіңген ғылым қайраткері, әл-Фараби атындағы Қазақтың мемлекеттік ұлттық университетінің микробиология кафедрасының меңгерушісі, профессор Майя Хайжетдинқызы Шығаева 70 жасқа толады.

Ол еңбек жолын ҚҰА-сының микробиология және вирусология институтында аспирантурадан бастап, 1958 жылы кандидаттық, ал, 1969 жылы докторлық диссертациясын қорғады. Институттың ғылыми хатшысы, директордың ғылым жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды. 1972 жылы әл-Фараби атындағы ҚҰУ-дің жаңадан ашылған микробиология кафедрасын меңгереді. М.Х.Шығаеваның мерей тойы тусында микробиология кафедрасы өзінің 25 жылдығын тойлағалы отыр. М.Х.Шығаева 1971-1985 жыл аралығында биология факультетінің декан қызметін атқарды.

М.Х.Шығаеваның микробиология саласындағы ғылыми зерттеу жұмыстары қазіргі таңдағы биология ғылымына ауқымды үлес қосуда.

Тағамның пішу процесінің сапалығы мен тұрақтылығын реттестіру туралы ғылыми жұмыстарының жинағы "Қазақтың ұлттық сусындарының микрофлорасы" атты монографияға жазылды, бұл жұмысқа Италия ғалымдары қызыға түсті. Олармен бірлесіп Қазақстанның бірнеше өлкесінде дайындалатын қымыздың ашытқы микрофлорасын зерттеу жұмысы жүргізілді. Қазіргі таңда Иерусалим (Израиль) университетінің медицина факультетінің ғалымдарымен мұнай тотықтырушы микроорганизмдердің белсенділігін арттыру тәсілі зерттелуде.

ТМД университеттеріне оқу құралы ретінде арналған "Ашытқылар селекциясы" монографиясы болып табылады. Монографияда ашытқыларды селекциялау тәсілдері және өндірістік бағалы микроб дақылдарын алуды жаңа бағыттар көрсетілген.

Табиғи және индуциалық мутагенез проблемаларды саласында жалпы биологияда шешуде М.Х.Шығаева көп үлес



қосады.

Сондай-ақ, дүние жүзіне химиялық мутагенездің алғашқы бағытын қалаушы, көптеген химиялық мутагенезді алғашқы ашушы СССР ҒА корреспондент мүшесі И.А.Рапопортпен бірлесіп жазған "Химиялық мутагенез. Проблемалары мен болашағы" монографиясында мутагенездік теориясы мен практикасына арналған жалпы мағлұматтар тұжырымдалған.

М.Х.Шығаева жоғары квалификациядағы маман дайындауға белсене араласалы. Республикамыздың және шетел жоғары оқу орындарына ғылыми және тәсілдемелік көмек көрсетіп, лекциялар оқып отырады.

М.Х.Шығаеваның ғылыми жетекшілігімен 30 кандидаттық және 3 докторлық диссертация қорғалды. Кафедрада докторанттар, аспиранттар және іздеушілер, сонымен қатар Қытай республикасының жоғары оқу орындарынан келген жас ғалымдар ғылыми зерттеу жұмыстарын атқаруда.

М.Х.Шығаева микробиология ғылымында республикамызда үлкен ұғымдық жұмыстар атқаруда, қазіргі таңда докторлық диссертация қорғау арнайы кеңесінің мүшесі, ҚР ЖАК президиумының мүшесі.

М.Х.Шығаева жалпы биология, генетика және микробиология проблемаларына арналған бірнеше халықаралық одақтық және республикалық конгрестер, съездер және конференциялардың жұмыстарына

қатысты. Майя Шығаеваның бастамасымен Алматы қаласында микроорганизмдердің мутагенезі, экологиясы, биотехнологиясы тақырыбында арналған халықаралық конференцияның кеңестер өткізілді. Жоғары білімді - білікті биолог - маман дайындауда орасан еңбек етуде.

М.Х.Шығаева 1981 жылы АҚШ-та микробиологияның өзекті проблемасына арналған лекциямен Хобарт-Вильям Смит колледжінде және Корнель Университетінде (Нью-Йорк штаты) баяндама жасады.

М.Х.Шығаева 214 ғылыми жұмыстың авторы, соның ішінде 10 ионография, 2 брошюра, 20 авторлық куәлік алды. Ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесі шет ел, одақтық және республикалық журналдардың беттерінде жарық көруде.

М.Х.Шығаева - ғылыми-көпшілік брошюралар, мерзімді басылымдардың авторы. Теледидарда ғылыми бағдарламамен жиі шығып отырады. Белсенді еңбегі үшін С.И.Вавилов атындағы медальмен наградталды.

М.Х.Шығаева - көрнекті қоғам қайраткері, ол Алматы қаласы және әл-Фараби атындағы мемлекеттік ұлттық университетінің әйелдер кеңесінің мүшесі. Ол кісі бейбіт сүйгіш күштің Дүние жүзілік конгресін, Азия мемлекеттерінің әйелдер ұжымының өкілдерінің Халықаралық семинарын және Үндістан әйелдері семинарын ұйымдастырып өткізудегі сіңірген еңбегі үшін мақтау қағаздарымен мадақталды, - дейді, биология факультетінің деканы, профессор Мұхитдинов Нәштай Мұхитдинұлы табиғатың тылсым сырын терең меңгерген ғалым жайында сұрағанымызда.

Тілші - Майя Шығаеваның 70 жылдығына орай қандай игі істер ұйымдастырылып жатыр?

Н.М. - Әрине, ерен еңбегі мол жетістіктердің иесі ғылым қайраткері М.Х.Шығаеваның 70 жасқа толуына орай 1997 жылдың қаңтар айының 21 жылдызы күні сағат 1400 әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің биология факультетінде ресми атап өту кеші болады.

Жазира БЕГАЛЫ,
ҚазМУ-дың студенті

Призвание - на всю жизнь

О деятельности своей кафедры-юбилея рассказывает член-корр. НАН РК, заслуженный деятель науки, заведующая кафедрой М.Х.Шығаева.

- Многие люди очень туманно представляют себе понятие "микробиология". Так что она изучает?

- Весь живой мир на планете делится на мир животных, мир растений и микроорганизмов. Микробы существуют везде, они постоянно сопровождают организм человека. Микробы бывают полезные и вредные. У нас в лабораториях изучают их строение и возможное использование.

- Расскажите немного об истории вашей кафедры.

- Я долгое время работала в Академии наук, в институте микробиологии и вирусологии. Защитила кандидатскую диссертацию, возглавляла лабораторию. В КазГУ специализации

микробиологии была введена на кафедре физиологии растений. Но постоянное развитие науки привело к новым открытиям и в 1971 года назрела необходимость открыть новую кафедру.

- Какими достижениями, уважаемая Майя Хайжетдиновна, вы гордитесь?

- Главное - это наши кадры. Многие выпускники защитили диссертации, работают в различных вузах и институтах республики. Основное направление работы - селекция микроорганизмов, мы занимаемся их выделением, улучшением качества микробных структур, есть генетическое направление - проблема загрязнения окружающей среды.

- Ваши напутствия молодым.

- Я хотела бы, чтобы они всегда, в самых трудных ситуациях, никогда не отчаивались. Творчество всегда нужно развивать, обогащать, закреплять.

**Беседовали Айсулу НУРГАЛИЕВА и
Салтанат АТАБЕКОВА**



Өткен жылдың 27 желтоқсанында Қазақстан Жазушылар Одағының үйінде ұлы жазушы Мұхтар Әуезовті еске алу кеші болып өтті.

Биылғы жыл - қазақ елі үшін тағы бір серпіліс кезеңі болатыны сөзсіз. Қазақ ұлтының мақтанышы, сөз зергері, мың жылда бір дүниеге келер қайталанбас тула, ғажайып білім иегері, Ұлы Абайды суреттеу арқылы сөзбен ескерткіші орнатқан, әлемге елімізді танытқан Ұлы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің 100 жылдық, яғни ХХІ ғасыр алдындағы ЮНЕСКО көлемінде атап өтілетін бірден-бір айтулы мерекесі екені сөзсіз. Академик З. Қабдоловтың сөзімен айтсақ, "М. Әуезовпен мақтануымыз қажет". Алғашқы ұйымдастыру жұмысының бастамасын жасаған Қазақстан жазушылар Одағы мен Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық Университетінің азаматтары екенін айта кеткен артық болмас. Оны кіріспе сөз сөйлеп ашқан Қазақстан Жазушылар Одағының бірінші хатшысы, белгілі ақын Нұрлан Оразалин:

-Бүгін толқымай, тебіренбей сөйлеуге

Әуезов жылы басталды

болмайды. Ұлтымызды әлемге танытқан бірден-бір ұлы тула. Біз ұлтымыздың даңқын асқақтатқымыз келсе, осындай ұлы перзенттерін әспеттеп, оларды жаңаша тануға, жас ұрпаққа жаңаша танытуға ден қоюымыз керек. Жаңа 1997 жыл халқымыздың рухани әлемінде ерекше орын алатын жыл ретінде кіргелі отыр.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық Университетінің ректоры, экономика ғылымының докторы, профессор Көпжасар Нәрібаев ғұлама Мұханның қара шаңырақтағы ұстаздық қызметі мен ондағы сіңірген еңбегі жөніндегі айтқандары көптің көңілінен шықты. Оған әдебиетші қауым ризашылық пен тәнті болды.

Мұхтар Әуезовтің тұңғыш қызы Мұғалима өз сөзінде: - Тойға тарту ретінде өкемнің ішкі өмірін камтитын естелік кітап жазып бітірдім - деді ол.

Мұхтар туралы жазушы Мұхтар Мағауин, ақын Тұрсынхан Әбдірахманова, Әлжаппар Әбішев, Сафуан Шәймерденов басқа да көптеген жазушылар, өнер қайраткерлері естеліктерін айтты.

Қорытынды әңгімеде Нұрлан Оразалин мерейтойға қатысты атқарған істер туралы былай деді:

-Мәскеу қаласында мерейтойды атап өту туралы қаулыны қабылдады.

Жақында Анкарада өткен түркі тілдес елдер жазушылар одақтары басшыларының жиынында және түркі тілдес елдер поэзиясының IV фестивалінде 1997 жылы Әуезов мерейтойын түркі тілдес елдердің бәрінде атап өту ұйғарылды. Сондай-ақ,

Одақ 1997 жылы әйгілі "Абай жолы" эпопеясын парсы тіліне аударып, бастырып шығару туралы Иран Ислам республикасының Мәдениет министрлігімен келісім шарт жасасты және "Абай жолы" эпопеясының соңғы екі кітабын саха тілінде шығару туралы Саха республикасы өкіметіне ұсыныс жасап, келісімге келді.

Іле-шала қара шаңырақта филология факультетінің ұжымы ұйымдастырумен "Әуезов оқулары" атты дәстүрлі дәрістері өткізді.

Аталған факультеттің деканы, филология ғылымының докторы, профессор Ж. Дәдебаев өзінің сөзінде Мұхтар Әуезовтің ұстаздық қызметіне тоқтады. Әйгілі жазушы, ғұлама ғалым университетте алдымен студенттер үшін оқылатын әдебиет пәнінің мазмұнын, түрін анықтап, белгілеуден басталды. Қазақ әдебиетінің тарихы, фольклор, Абайтану секілді оқу пәндерінің бағдарламасын жасады, оқулықтар мен оқу құралдарын жазды, лекция курстарын дайындады, өзі оқыды. Лекция мен семинар сабақтарының көлемі 660 сағатқа дейін жеткен.

Профессор Т. Кәкішевтің естелік әңгімелері де тартымды болды. М. Әуезов өмірінің бедерлі, өрнекті кезеңдері Ә. Нұршайыховтың "Махаббат, қызық жол жылдары", З. Қабдоловтың "Менің Әуезовым" тағы басқа еңбекмұраларында жан-жақты көрініс тапқан. Сондай-ақ университет архивінде сақтаулы тұрған ендігі бағалы дерек Мұханның Қазақ мемлекеттік университеті мен Қазақ педагогикалық институты арасындағы таңдауына байланысты. 1946 жылға дейін ұстаздық қызметін қатар

атқарған. Сол жылы қазан айында Академияның президенті ұстаза бірінші рет ғана атқару туралы ұсыныс жасайды. Осы тұста Қазақ мемлекеттік университетін таңдаған.

Ұлылықтың үлкен-кішісі жоқ, - деп сөзін сабақтаған профессор М. Серғалиев, - ұлы жазушының 1960 жылғы 26 желтоқсанда Қазақ мемлекеттік университетінде өткен жастар поэзиясының көлемді әйгілеуі сөзі, сол тұста қазақ поэзиясына жаңадан, жаңа үнімен көміл қосылған бір топ жас ауымдары күш беріп, демей отырып, сөз шақта М. Әуезовке жиналған келгендей жаңалық сезілген жас ақындар У. Мәмбетов, Т. Молдағалиев, С. Жиенбаев, Қ. Мырзалиевтар бүгінде ірі ақындар болып қалыптасты.

Өзінің қорытыншы сөзін Ж. Дәдебаев былай қорытты: - Қазақ мемлекеттік университетінде Мұхтар Әуезов бастаған ұлағатты іс өткен жоқ, жалғасуда. Әуезов оқыған "Абайтану" курсы оқылады. Университет ұстаздары "Әуезовтану", "Әуезовтің шығармашылық шеберханасы" атты арнаулы курстарын оқи бастағалы да көп болды.

Әуезов өзі қалаған қазақ әдебиеті кафедрасы бүгінде құрметпен Әуезов кафедрасы деп аталады. М. Әуезов атындағы әдеби бірлестік жас талаптарды тәрбиелейтін басты орындардың бірі. Бүгінгі 3 курс студенті М. Тазабеков сөз бірлестік түлегі, өзінің суырылсалма ақындығымен бүкіл әлем қазақтарын қуантты. Республикалық Жастар сыйлығының лауреаты, яғни Әуезов аудиториясының тағы бір елеулі жетістігі деуге болады.

Рахметжан Сағынбекұлы ТҮРІСБЕК, Әуезов оқуларының хатшысы, доцент

От сессии до сессии

И опять в аудитории нашего университета пришла сессия, озабоченные студенты штурмуют библиотеки и занимают друг у друга конспекты. Некогда пропущенные занятия нужно в срочном порядке наверстывать, зарабатывать аттестацию.

Сессия — время стрессов и перегрузок. По наблюдениям продавцов коммерческих киосков, именно во время сессии многократно увеличивается потребление сигарет. Видимо, никотиновым дымом приводят себя в чувство наши будущие филологи, математики, юристы в "рабочее состояние".

По наблюдению преподавателей именно в это время студенты становятся деликатными и вежливыми: здороваются десять раз на день, не ешибают с ног в коридорах.

Старшекурсники успокаивают тех, кто проходит горнило сессии в первый раз. Особенно, конечно же, трусят первокурсники. И стараются выяснить, насколько требовательны экзаменаторы, в чем

их "конек" на зачетах и экзаменах.

Именно во время сессии у студентов начинают проявляться различные хронические болезни, болят зубы, самый распространенный способ скрыть свои незнания — упасть в обморок. В сессию проверяется на крепость студенческая дружба. Порой на этой почве разыгрываются настоящие драмы, не хуже, чем в "Санта-Барбаре"! И тем не менее, для большинства казгушников сессия — действительно тот этап, который дает возможность проверить, насколько основательны их знания.

Наш вуз пережил не одну сессию, воспитывал целую плеяду выдающихся ученых, высококлассных специалистов, которые тоже пережили не одну сессию. И каков же совет бывалых? Главное — не дрейфить, ведь любые знания нужно уметь еще и преподнести. Вот, учтите!

Ақмарал КАЛИЕВА, студентка



Сынақ кезінде...

Міне, студенттердің сынақ уақыты басталып кетті. Әрбір студент үшін қылышынан қан тамып, күні мен түнін қалай өткенін байқатпайтын "уақыттың" бағасы қымбаттап, "үйкі" деген құрбысымен кездесуі қиындап кететін кез. Осындай сынақ барысында бірнеше студенттермен әңгімелесіп көрген едік.

Нилгүл Жихан,
журналистика факультетінің 3 курс студенті (Түркия):

- Мен студент деп аталғаны үш қысқы сынақ өтті. Әсіресе, алғашқы сынақ мен үшін өте қиын болған-ды. Себебі, тілді жақсы білмейміз. Дегенмен мұндағы ұстаз-дарымның көмегі көп болды. Ал биылғы сынақтар да қиын. Біздегі, факультетіміздегі кітапхананың ашылуы дәріс дайындалуымызға көп жеңілдіктер әкелді. Мен Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетінде білім білағының нәрімен сусындап

жүрген арманымнан бойымда үлкен үлкен мақсаттардың тұғанын да жасырғым келмейді: Ал сынақтар біз үшін үлкен көпкурс секілді.

Ләззат Абыладинова,
филология факультетінің 1 курс студенті:

- Студенттік өмір өте қызық кез екең. Сынақ - үлкен қорқынышты үрейдің келе жатқанын еске алсақ жүрегіміз дүрсілдерші еді. Міне, сол сынақ күндері басталып кетті. Егер осы қысқы сынақтан өтсем, мен өзімді нағыз студент ретінде сезінемін. Сонымен қатар ата-ананың қадірін де білгендеймін. Сынақ кезі әрі қиын, әрі қызық кез екен. Мен енді филолог боламын.

Ақанбай Ернұр
халықаралық журналистика факультетінің 1 курс студенті:

- Әрине, алғаш көңілде жүрексіну пайда болды. Бірақ

қазір өзімнің студент, болашақ маман екенімді ескергенде әлі талай алыпбай жатқан қамалдар барын, соның бәрін парасаттылықпен жеңе білу көңіл төрінен орын алғаны айқын.

Сынақ кезіндегі ең алғашқы сезім - менің жалпы студент қауымының өз мамандығын бес саусақтай білу үшін талай ізденестер қажет екендігін түсінгенім.

Ендігі мақсат - тек халыққа қызмет ету, өз елімді әлемдік аренада көрсету. Соңықтан өз жок, қаламы жүйрік журналист болу. Бұл міндетті орындауда басты нысана - көп оқу керек екені мәлім.

Иә, студенттердің ой-пікірлерінен сынақтың бірі үшін қиындығы болса, біріне сол қиындықтың жемісті екенін жүрегінен болашаққа үлкен сеніммен қарауы мені қатты

қуантты. Әрине "студент-ізде-нуші" десек, мақсатқа жету үшін рухани азықпен қоректену - бәріміздің міндетіміз.

Сондай-ақ "Жүйрік ат - бәйгеде сыналады" дегендей сессияның студент үшін пайдасы мол. Семестр бойына тиянақты сабаққа қатысып, ізденген студентке әрине жеңіл. Ал "үйкімен" өздер ашып, сабаққа тәлім қатысып жүрген құрбыларыма, "тозақпен" бірдей.

Сессия. Қарбаласқан студенттер, қысқы сессия да бел ортасына келіп қалыпты-ау!

Жазира БЕГАЛЫ,
ҚазМУ-дың студенті



Б.А. Беремжанов - наш современник

Химия высокомолекулярных соединений сегодня является обширной самостоятельной областью естествознания, которая выступает как важный фундамент современных технологий, обеспечивающих производство пластмасс, каучуков, волокон перспективных композиционных материалов и др. Практически все без исключения крупнейшие международные и национальные программы в мире - энергетические, продовольственные, экологические, по здравоохранению и др. - требуют для реализации широкого применения полимерных материалов. Предвосхищая тенденции развития химической науки, декан химического факультета Б.А. Беремжанов явился инициатором создания в 1963 году в нашем университете кафедры химии высокомолекулярных соединений. Кафедры аналогичного профиля в то время были только в 2-х крупнейших университетах страны - Московском и Ленинградском. В качестве заведующего из Академии Наук был приглашен молодой талантливый ученый, к.х.н. Б.А. Жубанов, а преподавателем - выпускник Московского института тонкой химической технологии к.т.х.н. Е.М. Шайхетдинов.

По инициативе

Б.А. Беремжанова студенты - отличники химфака были направлены на учебу на соответствующие кафедры МГУ и ЛГУ, которые после завершения обучения, в т.ч. аспирантуры и сейчас работают на кафедре. Благодаря незаурядному умению Батырбека Ахметовича увлечь за



собой и объединить усилия способных людей, на кафедре сложился коллектив единомышленников, обеспечивших высокий уровень исследований, получивших признание научной общественности и современную постановку учебного процесса. Многие из сотрудников кафедры стали признанными лидерами и организаторами науки и образования - академики Б.А. Жубанов, Е.М. Шайхетдинов, Е.Е. Ергожин, проф. Ш. Шаяхметов.

Каков сегодняшний день нашей кафедры? Кафедра располагает значительным кадровым потенциалом: все преподаватели кафедры имеют ученые степени и звания, среди них 3 доктора наук, профессора. Как и в годы организации кафедры продолжает читать лекции и руководить студенческими и аспирантскими

работами проф. Б.А. Жубанов. В течение последних пяти лет одной из первых в университете кафедра стала использовать для оценки знаний студентов рейтинговую систему контроля и накопила значительный опыт ее применения.

Научно-исследовательская деятельность кафедры направлена на разработку фундаментальных основ создания полимерных материалов нового поколения и конкурентноспособных технологий для применения в радиоэлектронике, гидрометаллургии, медицине, сельском хозяйстве, пищевой, нефтеперерабатывающей, текстильной промышленности и т.д. При этом особенно важно, что для создания их используется исключительно собственное казахстанское сырье, производимое на АО "Карбит" (Караганда), с которым кафедре связывают многие годы плодотворного сотрудничества. Кафедра имеет приоритеты в целом ряде совершенно нетривиальных фундаментальных направлений химии высокомолекулярных соеди-

нений. Это создание широкого круга полимеров медико-биологического назначения с контролируруемыми физико-химическими свойствами для применения в восстановительной и пластической хирургии и фармации; дизайн новых "интеллектуальных" материалов, способных обратимо реагировать на незначительные изменения характеристик среды.

Об актуальности и высоком уровне проводимых исследований свидетельствует тот факт, что за результатами конкурсов были трижды удостоены международных грантов: фонд Сороса (1994), МАГАТЭ (1995-96), ИНТАС (1996-97). Сотрудники кафедры работают с большим энтузиазмом, тесно сотрудничают с учеными США, Японии, Чехии, Турции и, конечно, России. Ряд наших разработок внедрены в практическое здравоохранение.

Сегодня, в пору своей зрелости, кафедра ощущает рядом незримое присутствие нашего учителя и наставника Б.А. Беремжанова, с его добрым и требовательным отношением к людям и неповторимым человеческим обаянием.

З.НУРКЕЕВА,
зав.кафедрой химии
высокомолекулярных
соединений, д.х.н., профессор



Заң мықты болса - тәртіп нығаяды

“Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заң ережелерін жүйеге келтіру және жинақтау” атты мәселелер төңірегінде заң факультетінің ұйымдастыруымен қазақтың қарашаңырағында ғылыми - практикалық конференция болып өтті.

Конференцияда ҚазМУ-дің ректоры, Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, экономика ғылымының докторы, профессор К.Нәрібаев кіріспе сөзін мемлекеттік тілде нақыштай сөйлеп, баянды байыптаулар жасады.

Ұйымдастыру комитетінің төрағасы, химия ғылымының докторы, профессор, ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор З.Мансуров конференцияны жүргізіп отырды.

Алғашқы баяндаманы жасаған Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, заң ғылымының докторы, профессор С.Сартаев өз сөзінде: - “Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет орнату бағытында іске кіріскенін, жалпы заң актілерін жүйеге келтіру және жинақтау мәселелеріне баса назар аударып, осы орайда заң факультетінің азаматтары ерен еңбек жасап жатқанын және

кез-келген заң саласында аталмыш факультет түлектері қызмет етіп жүргенін айта келіп, негізінен нарықтық экономика кезеңінде жаңа заң актілерін талдау керек екенін әңгіне етті.

Сонымен қоса Қазақстан Республикасының Әділет министрінің орынбасары, заң ғылымының докторы, профессор Е.Нұрғалиева, Қазақстан республикасы Конституциялық Кеңестің мүшесі; заң ғылымының кандидаты Н.Акуев, доцент С.Жалдыбаевтар келелі мәселер төңірегінде ой қозғады. Әсіресе, “Азаматтық кодекс” төңірегінде мықты баяндама жасаған профессор Ф.Тілеуғалиевтың нақты ойлары көптің көкейінен шықты. Сондай-ақ заң ғылымының кандидаты, кафедра меңгерушісі С.Баймурзин, доцент Н.Мурзиндер де біраз нәрселерге тоқталды.

Одан соң, конференция заң факультетінің екі аудиториясында секциялық мәжіліске ұласты. Оқытушылар баяндама жасап, әр түрлі заң актілерін талдады. Жалпы алғанда көкейде жүрген көп мәселелердің түйіні шешілгендей болды.

Бақытбек АТАЕВ

Аль-Фараби

Мерцает ясный взгляд печальных глаз,
Сквозь лаль веков так пристально на нас
Глядит мудрец восточный и мыслитель,
“Муаллим ассана” - второй учитель.

Был математик, логик, астроном,
Знал право, медицину он притом,
“Большую книгу музыки” оставил,
Классификацию наук представил

Немало странствовал по свету
Зналок наук великий этот,
Учил великий сын города Отрара
(Восемь десятков жил недаром):

“Разносторонность интересов -
Залог духовного прогресса,
Цель жизни, высшее блаженство
В стремлении к самосовершенству”

Мечтал о Городе Наук,
Где жизнь для счастья, не для мук,
Где добродетелям есть место,
И люди из другого теста.

Был похоронен он в Дамаске,
Похожа жизнь его на сказку,
Не только тюрки и арабы,
Весь мир чтит имя - аль-Фараби!

А было счастье и полет,
Было души очарованье,
За ним разлука и страданье,
Потом придет, потом придет...

Ирина ЧЕРНАЯ

Конференция, которая нужна всем

Недавно в Казахском государственном национальном университете состоялась научно-практическая конференция по “Актуальным вопросам кодификации законодательства в Республике Казахстан”. Конференцию со вступительным словом открыл ректор КазГУ, профессор, д.э.н., член-корр. АН Казахстана К.Н. Нарыбаев. Организаторами этого мероприятия выступили: к.ю.н., доцент, декан юридического факультета КазГУ А.Е.Бектурганов, к.ю.н., профессор КазГУ Г.И.Тулугалиев, к.ю.н., доцент, зам.декана юридического факультета КазГУ А.С.Ибраева. Основная цель этой конференции состояла в том, чтобы объединить усилия ученых и практиков и помочь в деле обновления и усовершенствования в законодательстве Республики Казахстан. Перед её участниками встал задача выработки практических предложений, рекомендаций по обновлению в следующих направлениях: гражданско-процессуальном, гражданском и уголовном праве. На конференции были приглашены представители исполнительной и законодательной власти, а также ученые и преподаватели со всех юридических вузов г. Алматы. В их числе, зам.министра юстиции Е.Н.Нурғалиева, зам.министра труда РК, к.ю.н. А.М.Нурмуғамбетов.

Конференция продолжалась всего один день и поэтому программа была более чем насыщенной: сразу же после пленарного заседания состоялись секционные заседания, на которых и были рассмотрены основные вопросы данного мероприятия. Они имели два направления: гражданско-правовая секция, которую возглавлял к.ю.н., доцент, зав.кафедрой гражданского и трудового права КазГУ Т.М.Абайдылинов и секция уголовно-правовых дисциплин под председательством Баймурзина Г.И., к.ю.н., доцента, зав.кафедрой уголовного права и криминологии КазГУ.

На первой секции были заслушаны доклады по многим актуальным проблемам юриспруденции в РК, среди них: доклад д.ю.н., профессора КазГУ К.Л.Шайбекова, его темой являются “Некоторые актуальные проблемы трудового права РК”; доклад “Трудовые правоотношения - проблемы их развития”, сделанный председателем секции Г.М.Абайдылиновым; “Проблема кодификации земельного законодательства в РК” - А.Е.Бектурганов; темой доклада Л.Е.Давыдовой, зав.сектором систематизации законодательных и нормативных актов юридического департамента Национального банка РК, были и многие другие проблемы: “Проблемы кодификации экологического законодательства”, “Отдельные проблемы совершенствования законодательства об образовании в РК”, “Система, источники и проблемы казахского таможенного права”, “Проблемы кодификации налоговых актов в РК” и многое другое.

На секции уголовно-правовых дисциплин было сделано 10 докладов, которые действительно могли бы помочь в совершенствовании уголовного права РК, вот некоторые из них: “Роль прокурорского надзора в укреплении законности и порядка в РК”, прочитанный д.ю.н., профессором, зав.кафедрой судопроизводства К.А.Бегалиевым; “Проблемы определения понятия должностного преступления и пути ее совершенствования” - А.И. Ағыбаев, к.ю.н., доцент КазГУ; “Возможность использования специальных познаний для совершенствования уголовного закона” - А.А.Исаев, докторант КазГУ и мн.др.

По результатам этой конференции были выработаны практические рекомендации, которые будут направлены под председательством Республики Казахстан, в аппарат президента и в отдел по законодательству РК.

Галина ПАРХОМЕНКО



Ойлы ойын өресін тапты



Қазақ халқы ежелден өнерден кенде болмаған. Қилы жарыстар мен қызықты спорт ойындарын ұрпақтарына мұра етіп қалдырған.

Осындай атадан мирас боп қалған ойын түрі

- Тоғызқумалақ!

- Ел ішінде Өресін кең жая алмады, себебі кеңес одағы кезінде рұқсат етілмеді, - дейді ҚазМУ-дің химия факультетінің 1993 жылы бітіріп, химия ғылыми институтының аспиранты болған Нұржан ҚҰРМАНҚҰЛОВ.

"Тоғызқумалақтың" атасы Рақымжан Кәрімбаев болса, 60-70 жылдары С.Тілеубаевтың арқасында өз жолына түсті. Қазір бұл ойынды Орта Азия көлемінде ойнайды, жеңімпаздарға арнайы "спорт шебері" деген атақ беріледі. Біз осы ойынның жанашыры үйірме жетекшісі Н.Құрманқұловпен жолығып, әңгімеге тарттық.

Тілші: - Сіз "тоғызқумалақты" алғаш кімнен үйрендіңіз?

Н.Қ.: - 1985 жылы Жаңатас қаласында 8 сыныпта оқып жүргенде Тілеубаев Серікбай Тілеубайұлынан дәріс алдым. Қазақстан Республикасына белгілі жаттықтырушының еңбегінің нәтижесі болар, 1986 жылы "қазақстан спорт шебері" атағын алдым, 1990,1993,1995 жылдары тоғызқумалақтан

чемпион болдым. Ал 1992 жылы Орта Азия және Қазақстан фестивалінде чемпион атандым.

Тілші: - "Тоғызқумалақ" ойыны үйірмесін ашу барысында сізге кімдер көмектесті? Қазір кімдер дәріс алуда?

Н.Қ.: - Осы университеттің спорт клубы төрағасы Қасымжан Мадиев 1990 жылы 2 курс оқып жүргенде "Спорт" газетінің редакторы Н.Жүнісбаевпен бірігіп, осы


үйірмені ашуды сұрады. Міне содан бері бұл ойынды үйренушілер де көбеюде. Әрине, мұнда ҚазМУ-дің студенттері және мектеп оқушылары да келеді. Сабақ аптаның дүйсенбі, сәрсенбі, сенбі күндері өтеді. Басты қиыншылық: көптеген республикалық немесе шетелдегі жарыстарға қатыса алмай қаламыз.

Тілші: - Шәкірттеріңіздің жетістіктері туралы айтсаңыз.

Н.Қ.: - 1995 жылы Жамбылда өткен спартакиадада командамыз 2-орын алса, ІҮ курс студенті Қанат Тұмышев 1-орынды жеңіп алды. Сонымен қатар командамыз қалалық, аудандардағы жарыстарда жеңіспен оралып жүр. 1996 жылы Б.Момышұлы атындағы апталық ойын мен 1997 жылы ақпанда болатын Орта Азия және Қазақстан фестиваліне дайындық күтіп тұр. Онда жұлделі орын алу-басты мақсатымыз болмақ. Тоғызқумалақ көршілес Қырғызстан, Өзбекістан, сонымен қатар Баян-Өлгий өлкелерінде де ойналады. Заман ағымына қарай өшкен мұраларымызды, ұмытыла бастаған дәстүрімізді өркендету - басты міндетіміз.

Жазира БЕГАЛЫ,
ҚазМУ-дің студенті

СӨЗ ЖҰМБАҚ



Сөзжұмбақтың жауабын газетіміздің келесі санында оқысыздар

- Көлдененің:** 7. Өзбайжандағы елді мекен. 9. Арменияның бас қаласы. 10. Ұғымтал адам. 11. "Жанбота", "Жонып алды" әндерінің авторы. 12. Сібір өңіріндегі іргелі өзен. 13. Ирандағы өзен. 15. Украинаның Полтава облысындағы қала. 18. Архангельск облысындағы темір жол станциясы. 20. Етке салатын қосымша тағам. 21. Софокл трагедиясының кейіпкері. 22. Оңтүстік Америкадағы мемлекет астанасы. 23. Мақсат-талап. 24. Атақты әнші Джексонның есімі. 27. Франциядағы қала. 30. Төсеніш. 33. Ақпарат құралы. 34. Жетінші ұрпақ. 35. Ергіс өзенінің бір саласы. 36. Сақал-мұртты алуға қажетті құрал. 37. Красноярск өлкесіндегі қала.

- Тігінен:** 1. Астаналық аудан. 2. Атақты алты арысымыздың бірі. 3. Байлық. 4. Алматы облысының Нарынқол ауданындағы елді мекен. 5. Павлодар қаласының қазақи аты. 6. Сербиядағы елді мекен. 8. Мал азығы. 14. Кореядағы қала. 16. Азықтық дақыл. 17. Біреудің екінші біреуге тигізетін әсері. 18. Өз отбасынан бата алып, жаңа отбасына келіп қосылған ару. 19. Жеміс. 20. "Соңғы сокқы", "Солдат соғысқа кетті" романдары авторының есімі. 25. Хабаровск өлкесіндегі қала. 26. Оңтүстік Қазақстан облысындағы қала. 28. Қазақ әскери құрамасының басшысы. 29. Суын ішуге қажетті зат. 30. Азиядағы тау. 31. Шаруақор адамға қажетті зат. 32. Матаның түрі



Құрылтайшы:

Әл - Фараби

атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің ұжымы.

Газет Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық-ақпарат министрлігінде тіркеу туралы № 1242 куәлігі берілген.

РЕДАКЦИЯНЫҢ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078,

Алматы қаласы,

Әл-Фараби даңғылы, 71,

ректорат, 14 қабат

Телефондарымыз: 47-27-59.

Редактор

М. МҰҚАШЕВА;

редактордың

орынбасары,

жауапты хатшы –

А. РОЖКОВ;

көркемдеуші –

В. ГРЕБЕННИКОВА;

фототілші –

А. ФЕДУЛОВ.

Ақылдастар алқасы:

Л. С. АХМЕТОВА, тарих

ғылымының кандидаты;

Ә. Д. ДЕРБІСӘЛИЕВ,

проректор, филология

ғылымының докторы;

З. А. МАНСУРОВ,

проректор, химия

ғылымының докторы;

Н. О. ОМАШЕВ, филология

ғылымының докторы;

М. Ш. ӨМІРБЕКОВА,

филология ғылымының

кандидаты, "Қазақ

университеті" баспасының

директоры.

Жарияланған

материалдардағы

автордың көзқарасы

редакцияның ұстаған

бағытына сәйкес

келуі міндетті емес.

Номер ҚазМУ-дің

"Қазақ университеті"

баспасында теріліп,

басылып шықты.

Бағасы келісім

бойынша.

Таралымы – 500 дана

Тапсырыс №146.